


ЛОУНА

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ
МИНИСТІРЛІГІ
РЕСПУБЛИКА БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫ**

**ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМНІҢ
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(V СЫНЫП)**

ӘДЕБИЕТ



ТАШКЕНТ – 2020

ТҮСІНІК ХАТЫ

«Әдебиет» пәнінің оқу бағдарламасы V-XI сынып оқушылары үшін мемлекеттік білім беру стандартының талаптары негізінде құрастырылған. Мемлекеттік білім беру стандарты V-XI сыныптар үшін негізгі мөлшер болып есептеледі. Аталмыш сыныптар бітірушілері мемлекеттік білім беру стандартының бұл дәреже үшін қойылған талаптарына жауап беруі шарт.

Әдебиет пәнінің негізгі мақсаты мен міндеттері оқушылардың дүниетанымын кеңейту және ойлауды дамыту, сөз өнеріне, Отанға, ұлттық дәстүр мен бай руханиятымызға мейір-шапағат рухында тәрбиелеу болып табылады. Жалпы орта білімнің оқу жоспарындағы әдебиет пәні оқушыларда кітапқұмарлық пен оқу мәдениетін және шығармашылықпен сыни тұрғыдан пікірлеу қабілетін қалыптастыруға қызмет етеді. Сондай-ақ, бастауыш сыныптарда оқушыларды экономикалық ынтымақтастықпен өркендету ұйымының (ағылшынша – Organisation for Economic Cooperation and Development (OECD)) халықаралық оқушыларды бағалау бағдарламасы (ағылшынша – Programme for International Student Assessment, PISA) және білімді жеңімпаздарды бағалау одағы тарапынан ұйымдастырылған (IEA) мектеп математика және анық пәндер білім сапасының халықаралық мониторингі (ағылшынша – Trends in Mathematics and Science Study, TIMSS) шеңберінде оқу сауаттылығын дамытуда аталмыш пән аса маңызға ие.

Пәнді оқытудың **мақсаты** – қазіргі өзгермелі қоғам жағдайында өзіндік белсенділік көрсете алатын, халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін, әдеби көркем туындыда бейнеленген құбылысты эстетикалық тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдыларымен қаруланған, оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған дара тұлға қалыптастыру.

Пәнді оқытудың **міндеттері** – әдебиет бағдарламасына сай ауыз әдебиеті үлгілерінен ежелгі әдеби мұралар, жазба ескерткіштер жайлы мағлұматтар береді. Әрі, жазба әдебиетіміздің ірі тұлғаларының өмірін, бір жөн көркем шығармаларын оқытып, оны да жан-жақты игерту. Олардың әрбірін жүйелі де мақсатты түрде меңгерту. Оқушылардың ауызекі сөйлеуінің әдеби тіл мөлшерлері негізінде қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету, сөйлеу компетенциясын құрастыру болып табылады.

Жазбаша тілде жоғары сауаттылық, әдеби тіл мөлшерлеріне мойынсұну, стилистикалық эмоционалды реңктерден пайдалана алу дағды мен біліктерін дамыту және әдебиет пәнінің мазмұнынан келіп шығып, оқушыларда тірек компетенцияларын қалыптастырудан тұрады.

Жалпы орта білім мектептерінде әдеби білім таза ғылыми мағлұматтарды емес, рухани-ақылақтық бағыттар биіктігін көздейді. Оқушылар ұлттық әдебиеттің, сондай-ақ, әлем әдебиетінің ең жақсы үлгілерін оқу мен талдау жасау негізінде ізгілік пен жауыздық, жақсылық пен жамандық жөніндегі әр түрлі сындарға душар болады, оларға саналы қатынас білдіреді, солар негізінде өздеріндегі ақылақтық-рухани қасиеттер кешенінің қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жаратады. Оларға қарағанда ашық өмірлік қатынастарды көрсету қажеттілігі болса, оқушылардың ауызекі және жазбаша тіл дамуындағы маңызды фактор міндетін өтейді.

Жалпы орта білім жүйесінде оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерінен келіп шығып әдеби шығарманы сыныпта оқу, үйренумен бірге, шығармаларды еркін үйрену және сыныптан тыс оқуға да айрықша көңіл бөлінеді. Оқушыларда әдеби шығарманы талдау, әдеби-теориялық түсініктерді үйрену біліктілігі қалыптастырылады. Әдеби шығармалардың әрбірін үйренуде тарихи-эстетикалық қағидаттарға толық таянғанда да, оларды тығыз хронологиялық тәртіпте немесе белгілі бір тақырыптар (айдарлар) көлемінде үйреніледі.

- туған әдебиеттің ұлттық сипатын жан-жақты аңғарып, ондағы жанрлық ерекшеліктері мен әрбір дарынды ақын-жазушының стильдік даралықтарын анық таныту. Әрбір көрініске шығарманың идеялық-эстетикалық адамгершілікке баулитын сырларын жан-жақты ұғындыру;

- көркем әдебиетке деген ынтасын оятып, аса жоғары эстетикалық талғам таразысын биіктете түсіп, олардың ой-өрісін жан-жақты қалыптастыру;

- сөз өнерінің қадір-қасиетін дұрыс тануға, оны өз ой елегінен еркін өткізе білетін, білімді де білікті жастарды тәрбиелеп, олардың дағдыларын жетілдіре түсі;

- шығарманың толық мазмұнын игере білуге талпындыра түсіп, жалпы көркем өнердің өзіндік ерекшеліктерін тұтастай қабылдауға жұмылдыру;

- оқушыда ой дербестігін кең өріс алдырумен бірге, өздерінің де шығармашылығын жетілдіріп, оларға педагогикалық тұрғыдан әсер ету.

- өз ойын аса сауатты жеткізе білуге, тіл байлығын арттыра білуге қалыптастыру.

Бағдарламада оқушылар меңгеруі тиіс болған ауыз әдебиеті үлгілерінен ежелгі әдеби мұралар, жазба ескерткіштер жайлы мағлұматтар оқушылардың білімі мен өмірге деген көзқарасы көлемінде, қоғамдық өмір мен мемлекеттік саясат негізінде тәлім-тәрбиелік міндеттерге негізделген.

Әдебиет пәні негізінен өз ішіне география, тарих, қазақ тілі, педагогика-психология, логика, этика, тіл мәдениеті және стилистика пәндерін қамтиды.

Әдеби білімді оқушының оқу әрекетін қалыптастыруға бағдарлап құру – білім мазмұнын жаңартудың бір ұстанымы етіп алынды.

Әрекет түрлерін айқындауда пәнге тән жетекші білім және сол жетекші білімнің әрекеттік құрылымы ескеріледі. Әдебиетте дүниенің көркем бейнесі және тіл – осы екеуі де жетекші компонент болып есептеледі. Сондықтан әдебиеттің басты қызметі – болмысты образдылықпен тану. Ол үшін әдебиеттанымдық білім, ұғымдар, категориялар жүйесін меңгеру жеткіліксіз. Оқушы соларға сүйене отырып шығарманы терең қабылдауға, кейіпкер тағдырына ортақтасуға мүмкіндік алу жағы, сол негізде шығармаға, оның кейіпкерлеріне, онда суреттеліп отырған өмірге өзіндік көзқарасын, түйсігін, сезімдік құндылық пікірін қалыптастыру жағы ескеріледі.

Жоғары даму жолында нық қадаммен бара жатқан Өзбекстан халқының рухани дүниесі мен мәдени өмірінде жаңа дәуір басталғаны шындық. Бұл өз кезегінде білімді дәуір талабы дәрежесінде алып бару талап етілуде. “Әдебиет” пәнін оқыту және заманауи талаптар негізінде алып бару арқылы оқушылар тарапынан білімдерді игеру және көркем шығармаларды ұғыну арқылы әдеби тәлімнің мазмұны мен мақсаты, оны ұйымдастыруда білім принциптері негізінде оқушылардың дүниетанымын белсенді қалыптастыру және дамыту талап етілуде.

Оқытудың түрлерін түсініп меңгеру үшін шетел методистері іс-тәжірибелерінен алынған мысалдармен таныстыруымыз мүмкін.

Негізгі мәселе: 1. Оқытушы шығармашылығында оқыту мақсатының ерекшеліктері. 2. Оқыту мақсатын қолданудың ішкі процесі. 3. Оқыту процесінде оқушылардың ролі.

Республикамызда ғалым Б.Блумның таксономиясы, “Кейс стадиға” негізделген оқыту технологиясы, дәстүрлі болмаған тест технологиясы, “Бумеранг”, “3x4”, “БББ”, квест-сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтықтан оқыту т.б. сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелері арқылы оқушыларға жоғары дәрежелі білім беру бүгінгі күннің талабы. Оқыту технологиялары, көптеген педагогикалық инновациялық іс-тәжірибелер, авторлық мектептер мен жаңашыл мұғалімдердің проблемалары жан-жақты талдауды және жүйелеуді талап етеді.

Оқушылардың оқу әрекеті нәтижелеріне қойылатын талаптар:

- көркем әдебиеттің түрлері мен олардың айырмашылықтарын ажыратады;
- халық ауыз әдебиетін түсінеді;
- шығарма үзінділерін мәнерлеп оқиды;
- өлеңді (шағын көлемдегі) жатқа айтады;

- шығарма қаһармандарына өзінің пікірлерін білдіреді;
- сурет негізінде бейнелі мәтіндер жаратады;
- шығармалар мен еркін тақырыптар бойынша жазба жұмыс (мәтін, мазмұндама) жазады.

**Оқушылардың оқу әрекеті нәтижелеріне қойылатын талаптар:
(тереңдетілген сыныптар үшін)**

- еркін пікірлерін ауызша және жазбаша түрде баяндау;
- әдеби қаһарман табиғатына сәйкес ерекшеліктерін ажыратады;
- кітапханадан керекті кітаптарды таңдай алады.

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ (15 сағат)

АЛҒЫ СӨЗ – (1 сағат)

Тұрмыс-салт жырлары. Бесік жыры. Тұсау кесер. Тұсау кесер жырлары. Той бастар. Той бастар жыры. Жар- жар. Беташар. Бата. Олардың негізгі түрлері, өзіндік ерекшеліктері. Наурыз жайлы түсінік. Наурыз өлеңдері. Төрт түлік туралы түсінік. Олардың өздеріне тән сипаттарын аңғарту.

Мақал мен мәтелдер. Мақалда мен мәтелдер жайлы түсінік. Отан. Туған жер туралы мақал мәтелдер. Еңбек туралы, Достық, адалдық жайлы, Оқу, өнер, білім туралы туралы. Мақал-мәтелдердің тура және ауыспалы мағынасын ұғындыру. Ерлік, батырлық жайлы мақалдар мен мәтелдер мәнін түсіндіру. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәнін айшықтау.

Жұмбақтар. Жұмбақтардың негізгі мәні. Жұмбақтардың ой жүйріктігін жетілдірудегі мәні, тәлімдік-тәрбиелік және өзіндік ерекшеліктері.

Жаңылтпаштар. Халық ауыз әдебиетінде ұсақ жанрлар санатына қосылатындығы. Оның оқушыларды аса дұрыс, әрі барынша айқын сөйлей білуге жұмылдыратындығы. Жастардың тілін дамытуда атқаратын рөлін ұғындыру.

Өтірік өлеңдер. Халық ауыз әдебиетінің тамаша үлгісі екендігі. Ол негізінен әзіл-оспаққа, өткір сынға құралатындығын айқындау. *Қырық өтірік* өлеңінің мәнін ұғындыру.

Ертегілер. Ертегілердің жанрлық ерекшеліктерін дәйектеу. Оларда сыр шерткен халықтың ой-арманы, тілектері, даналық сипаттары. Әсіресе оларда кең көрініс табатын жауыздық пен ізгілік, адалдық пен зұлымдық, халық сенімі, асқақ арманы мен қиялы. «Керкұла атты Кендебай», «Алтын сақа», «Жақсылық пен Жамандық» сияқты ертегілердің халықтық мәні.

Аңыз-әңгімелер. Аңыз-әңгімелердің негізгі мәні. Онда көтерілген негізгі мәселелер. Ондағы ойлылық пен қиял-ғажайып оқиғалардың сыр шертуі. «Асан қайғының жерұйықты іздеуі», «Асқақ құлан, Жошы хан», «Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу», «Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?» аңыз-әңгімелерінде көтерілген мәселелер.

Әдеби ертегілер. Ә.Тәжібаевтің өмірі мен шығармашылығы. Әдеби ертегілердің халық ертегілерінен негізгі айырмашылығы. Ә.Тәжібаевтің «Толағай» ертегісі. Ертегіде көрініс тапқан Толағай сипаты, ерен ерлік іс-әрекеттері.

Шешендік сөздер. Ауыз әдебиеті үлгілерінің ең бай әрі көне түрі екендігі. Ондағы тапқырлық пен әділдік. Көңілге қонымды шынайылық сырлары. «Тайкелтірдің төрелігі», «Байдалы бидің көңіл айтуы», «Қазыбек би мен Бұқар жырау», «Ақтайлақ би мен Қанай шешен». “Сырым мен Малайсары” шешендік сөздерінің тәрбиелік мәні мен мазмұны.

Асыл мұралар. Жүсіп Баласағұнидің өмірі мен шығармашылығы. «Білім – қазына екендігі туралы», «Ақыл, білім туралы» айтылған ойлардың мәні мен маңызы. «Қабуснаме» атты еңбектің тәрбиелік мәні. Онда көрініс тапқан «Ақылың болса – өнер үйрен», «Ата-ананы құрметтеу туралы», «Аманатқа қиянат ету – ерлік емес» деген тәлімдік-тәрбиелік, өнегелі идеялардың мәнін ұғындыру.

XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН

(12 сағат)

М. Өтемісұлы. Қысқаша өмір жолы. “Ереуіл атқа ер салма”, “Қызғыш күс” өлеңдерінің негізгі мәні, көтерген мәселелері.

Ы. Алтынсарин. Қысқаша өмір жолы. «Өзен». Өлеңдерінде көтерілген мәселелер. «Әке мен бала», «Жомарт», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бақша ағаштары», “Қыпшақ Сейітқұл” әңгімелерінің мазмұны әрі шығарманың тәрбиелік мәні.

Абай Құнанбаев. Қысқаша өмір жолы. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Әсемпаз болма әрнеге», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Білімдіден шыққан сөз», «Сәулең болса кеудеңде» өлеңдерінің сонылық сипаттары.

Ш. Құдайбердіұлы. Қысқаша өмір жолы. «Қасқыр, түлкі, бөдене» өлеңінің тәлім-тәрбиелік мәні мен мазмұны.

Ж. Жабаев. Қысқаша өмір жолы. «Өтеген батыр» поэмасынан үзінді. Поэманың оқушыларды елін, Отанын сүйе білуге жұмылдырудағы тәрбиелік мәні.

XX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН

(25 сағат)

А. Байтұрсынұлы. Қысқаша өмір жолы. «Өгіз бен бақа», «Егіннің бастары» өлеңдерінде көтерілген мәселелер.

С. Торайғыров. Қысқаша өмір жолы. «Шілде» өлеңінің идеялық мәні. Өлеңдегі жеке көріністер. Ақынның табиғатты жандандыра суреттеудегі, ақын Абайға ұқсастық сырлары. Өлеңнің тілі мен көркемдік ерекшеліктері. Әдебиет теориясы. **Кейіптеу.** Оның мағынасына қарай қысқаша түсінік беру.

М. Жұмабаев. Қысқаша өмір жолы. Ақынның «Қысқы жолда», «Сағындым», «Балалық шақ» өлеңдерінде көтерген мәселелері. Ақынның табиғатты суреттеудегі қуаты, жан бітіре сипаттауы. «Балалық шақ» өлеңінің жылы лиризмге толы сырлары.

С. Сейфуллин. Қысқаша өмір жолы. «Ақсақ киік» өлеңінде көтерілген негізгі мәселелер. Өлеңде сыр шерткен дала көріністері. Әсем табиғаттың сипаты. Киіктің аянышты халі мен онда көрініс тапқан ақын сезімі, табиғатқа деген көзқарасы. Табиғатты аялай білуге, оған шынайы адамгершілікпен қарауға жұмылдыру сырлары.

І. Жансүгіров. Қысқаша өмір жолы. «Күй» поэмасынан үзінді. Поэмадағы күй аңызының негізгі сипаты. Қобызшының «Боз інген» күйінің идеялық мәні. Қазақ халқының күйге, күй өнеріне деген көзқарасы. Өнердің, күйдің құдіреті. Өлең өрнегіндегі әуезділік пен көркемдік ерекшеліктері.

Б. Майлин. Қысқаша өмір жолы. «Қанды кек» әңгімесінде көтерілген оқиғалардың негізгі сыры. Патша үкіметі тарапынан жергілікті халыққа көрсетілген зорлық-зомбылыққа деген халық ашуы. Онда көрініс тапқан кейіпкерлердің іс-әрекеттері, күрес-тартыстары.

М. Әуезов. Қысқаша өмір жолы. «Ақын қонақтар» (Абай жолы романынан) үзіндіде сыр шерткен оқиғалар. Шығармада көрініс апқан Зере мен Ұлжан сияқты жаны жайсаң, абзал аналардың рухани байлығы. Аналар айтқан ертегі, әңгімелердің Абай жанын жадыратуы. Келген ақын қонақтардың Абайға еткен әсері. Өнер адамдарына деген Абайдың құрметі, ыстық илтипаттары. Олардың болашақ ақынға тигізген игі ықпалы. Шығармада көрініс тапқан халық дәстүрі, әр түрлі ырымдардың орын алуы. Әңгіменің тіл байлығы, тіл тазалығы, шешендік толғаныстары.

Әдебиет теориясы. **Портрет** жайлы оқушылар түсінігін дамыту.

С. Мұқанов. Қысқаша өмір жолы. «Лашын» («Өмір мектебі» атты романынан үзінді). Әңгімеде кең суреттелген Балтабай ауылының көрінісі. Шығармада көтерілген құсбегілік мәселесі. Онда сыр шерткен халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары. Әңгіменің тілі мен шығарманың көркемдік ерекшеліктері.

Ғ. Мүсірепов. Қысқаша өмір жолы. «Жаңа достар» («Қазақ солдаты» романынан үзінді). Қайрош, Шеген, Бораштың достығы. Әрбірінің өзіндік қадір-қасиеттері мен бейнелерінің әсем көріністері. Шығарма тілінің тартымдылығы, оқиға желісінің мәні мен мазмұны.

С. Бегалин. Қысқаша өмір жолы. «Бала Шоқан». Қаламгер повесінен үзінді. Бала Шоқанның ғылымға деген зейіні мен зеректігі, азаматтық қарым-қатынастары. Оның Мысықпен достасу сыры. Жалпы әңгімеде көтерілген өнер тақырыбының қалай шешім тапқандығы. Шығарманың тілі мен көркемдік шешімі.

И. Байзақов. Қысқаша өмір жолы. Әншілік қасиеттері. Ақынның «Жазғы кеш», «Көктем» өлеңдерінің идеялық мәні. Онда көтерілген табиғат тылсымы. Жазғы кештің, көктемнің әсем көріністері оқушы қиялына әсер ететіндігі.

Қ. Әбдіқадыров. Қысқаша өмір жолы. «Қар күреген бала» («Қажымұқан» повесінен үзінді). Повестегі «Қар күреген бала» әңгімесіндегі Қажымұқанның сом тұлғасы мен алып күші. Әңгіменің деректілігі. Палуанның кейінгі өмір жолындағы батырлығы, палуандығы. Оның күш өнерін дамытудағы ерлік істері. Отанын, халқын сүйе білген патриоттығы.

С. Мәуленов. Қысқаша өмір жолы. Ақынның «Менің Республикам», «Қысқы күн» өлеңдеріндегі лирикалық көңіл күйі, өлең жолдарында қалай сыр шерткендігі. Өлеңдегі ойлылық пен тартымдылық, жылы леп пен ыстық ықыластар шешімі.

С. Жүнісов. Қысқаша өмір жолы. Қаламгердің «Ақырғы бәйге» («Ақан сері» романынан үзінді) шығармасының негізгі тақырыбы. Атақты әнші, сазгер, әрі ақын Ақан серінің серілік сипаттары. Құлагердің мерт болу сырлары. Күреңбай сыншының тапқырлығы. Атақ, даңққа құмар халық психологиясының көріністері. Оқушыларда жауыздық пен қиянатқа, озбырлық пен дөрекілікке, ымырасыздыққа жиркеніш сезімдері мен адалдық, пәктік, әділдікке деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Жеке-жеке эпизодтарын мәнерлеп оқып, оның мазмұнын айтқызу.

Т. Молдағалиев. Қысқаша өмір жолы. Ақынның «Бауырлар» атты өлеңінің идеялық мәні. Онда дүние жүзі қазақтарының 1992 жылы өткен Құрылтайының мәні мен маңызы. Халықтың ынтымақ-бірлігін, Отанға, елге деген патриоттық сезімін оятудағы ақынның тапқырлығы, тілінің көркемдігі мен көрікті ойды жеткізудегі шеберлігі.

Ф. Оңғарсынова. Қысқаша өмір жолы. Ақынның «Оюлар» атты өлеңіндегі ұлттық өнерге деген ыстық сезім мен дәстүр тағылымын игерудегі шеберлігі.

ЎЗБЕК ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН

(5 сағат)

Айбек. «Қыр елінде» (Балалық повесінен үзінді). Шығармасының негізгі тақырыбы.

Айбектің өмірі мен шығармашылығы.

Ғ.Ғұлам. Ғ. Ғұламның өмірі мен шығармашылығы. «Қазақ елінің ұлы тойына» өлеңі.

Абдулла Авлони . «Отан» өлеңі жайлы жалпы мағлұмат.

Абдулла Авлонидың өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы мағлұмат

Еркін Вахидов. Е. Вахидовтың өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы мағлұмат. «Жанайқай» дастаны. Шығарманың көркемдік ерекшеліктері.

Абдулла Арипов. «Өзбекстан» толғауы, “Ақын”, “Көп болды ғой”, “Күзгі көрініс” өлеңдерінің идеялық мәні.

Абдулла Ариповтың өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы мағлұмат.

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН

(2 сағат)

А. Пушкин. А.Пушкиннің өмірі мен шығармашылығы. «Балықшы мен балық» ертегінің тәрбиелік мәні мен мазмұны.

Д. Дэфо. Д. Дэфоның өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы мағлұмат. Оның «Робинзон Крузо» романынан үзінді .

Мазмұндама – 4 сағат

Бақылау-тест – 4-сағат

ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЛАР

№	Тақырыптар аты	Жалпы сағат		
		Жалпы	Теориялық	Практика
1	Кіріспе	1	1	
2	Ауыз әдебиеті	10	10	
3	XIX ғасыр әдебиеті үлгілерінен	17	17	
4	XX ғасыр әдебиеті үлгілерінен	25	25	
5	Өзбек әдебиеті үлгілерінен	5	5	
6	Әлем әдебиеті үлгілерінен	2	2	
7	Мазмұндама	4	4	
8	Бақылау-тест	4	4	
ЖАЛПЫ		68	68	

